апталық облыстық ақпаратты-жарнамалық газеті * еженедельная областная информационно-рекламная газета

Приозёрский Вестник

№ 28/413
17 июля 2015 года
газета издается с 26.06.2004 года

КАЗАХСТАНУ ПРИДЕТСЯ ЖЕСТКО ЭКОНОМИТЬ НА ЭКСПО-2017 И УНИВЕРСИАДЕ

Во время совещания, в ходе которого обсуждалась подготовка к ЭКСПО-2017, президент Казахстана Нурсултан Назарбаев заявил, что из-за снижения цен на экспортные товары, и недополучения средств в бюджет, Казахстану придется жестко экономить на ЭКСПО и Универсиаде-2017. По итогам выставки, Казахстан планирует получить **доход около 330 млн. евро** от спонсорства, реализации билетов, организации питания и оказания услуг, сообщает в понедельник **пресс-служба Акорды**.

"С учетом снижения цен на экспортные товары нашей страны, бюджет недополучает необходимые средства. В этой связи нам придется проводить жесткую экономию как на ЭКСПО, так и Универсиаде", - цитирует президента пресс-служба.

В начале совещания, глава государства подчеркнул, что кроме строительства, проработка всех остальных организационных вопросов ЭКСПО-2017 отстает. К примеру, несмотря на наличие специального комиссара, до сих пор остается неизвестным количество стран-участниц выставки.

Относительно строительства Президент рассказал, что подготовка объектов к выставке осуществляется в соответствии с утвержденным графиком и будет завершена в августе-сентябре 2016 года. При этом он указал на наличие множества проблем технического характера: несогласованности, затягивания решения вопросов, слабой организации работы. Кроме того, происходит завышение цен на строительство объектов, что, в свою очередь, приводит к хищению средств.

Также, Н.А.Назарбаев указал на то, что сегодня нет четкого коммуникативно-медийного плана для продвижения выставки в стране и за рубежом, из-за чего мировое сообщество мало информировано о ней. Также системно не проработан вопрос имиджевого продвижения, при этом все усилия направлены лишь на проведение разовых мероприятий. Президент подчеркнул, что только грамотно продуманная стратегия позволит добиться планируемого количества посещений в 5 млн. человек. При этом глава государства ожидает, что 85% посетителей составят казахстанцы.

Далее Президент выразил необходимость отработки всех сервисов, включая организацию визовой поддержки, таможенных процедур, туристических маршрутов, культурной программы, работу гостиниц, такси, ресторанов. Особое внимание, по его замечанию, нужно уделить языковой грамотности обслуживающего персонала.

Согласно регистрационному досье выставки, Казахстан планирует получить доход около 330 млн. евро от спонсорства, реализации билетов, организации питания и оказания услуг.

«По планам досье, только спонсорских средств мы должны собрать более 200 млн евро, в том числе с привлечением 8 глобальных партнеров «ЭКСПО», - отметил Н.А.Назарбаев.

По его словам, заранее к проведению выставки должны готовиться и правоохранительные органы – МВД, КНБ, служба внешней разведки «Сырбар», которые должны предотвратить террористическую угрозу.

Ключевым вопросом в проведении выставки, по мнению Главы государства, остается международный имидж Казахстана. А в заключении, президент предложил дать имя «Жибек Жолы» (Silk Way) строящемуся в Астане торгово-развлекательному комплексу компании «Mega».

КАЗАХСТАН ПРАЗДНУЕТ ОРАЗА-АЙТ

Мусульмане Казахстана отмечают трехдневный праздник Ораза-айт, начало которого в этом году пришлось на пятницу, 17 июля, передает корреспондент Tengrinews.kz.

Верховный муфтий Казахстана Ержан хаджи Малгажыулы поздравил казахстанцев с праздником и призвал оказывать друг другу уважение и понимание, объединить силы в деле укрепления единства народа Казах--стана, укрепления благополучия и согласия в обществе.

«Пусть Всевышний Аллах примет наши молитвы и посты, пусть процветает и возвышается наш многонациональный Казахстан! А нашему народу Всевышний дарует мир и согласие!» — говорится в поздравлении муфтия на сайте Духовного управления мусульман Казахстана.

Ораза-айт является завершением самого важного для мусульман месяца в году — священного Рамадана, который отмечается на девятый месяц по лунному календарю. Рамадан является лучшим временем для духовного очищения, искупления грехов и осознания милости и милосердия Аллаха.

Источник:**Tengrinews.kz.**

Қаз-қалпында

ТУҒАН ЖЕР ТОПЫРАҒЫНДА
(ЖОЛСАПАР ОЧЕРКІ)

Ата-анаңның көзі жұмылғасын, ауылға қарай аяғын да тарта бермейді екен. Алайда, онда қалған ел-жұрттың арасында туған-туыс, жақын-жуық, құда-жекжат бар дегендей, той-томалығы мен өлім-жітіміне бармасаң ыңғайсыз сәттер де болып

тұрады. Шыны керек, туған жердің топырағының өзіне қарай тартып тұратын қасиеті тағы бар. Сондықтан жол – алыс, жер – шалғай болуына қарамастан, біраз мәселені сылтау етіп, елге қарай ат басын бұруға тура келеді.

Мамырдағы мерекелерді өткізіп болған соң бірнеше жағдайды алға тартып, туып-өскен елге қарай жұбайымыз екеуміз жол алдық. Аудандағы қалған 6 қарияның ең жасы үлкені қайынатамның 90 жасқа толуымен құттықтау және дүниеден өткендерге бата жасау үшін сапар шеккен біздің несібемізге сол кездері күн райы салқын тартып, жол жүруіміз жеңілірек болды. Жұрттың «шекарадан өткенде қинайды екен...» деп дабырайтатыны да бізге байқалмады. Екі елдің де шекаралық бақылау-тексеру және кеден бекеттерінен құжаттарымызды көрсетіп, еркін өтіп, ертеңінде Зарафшан шаһарында болдық. Бұрын да әсем қала еді, бүгінде тіпті құлпыра түсіпті. Көшелердің, аулалардың тазалығына қоса, көптеген шығыс үлгісіндегі нысандар мен дәмхана, мейрамхана, қызмет көрсету орындарының ғимараттары бой көтерген. Бізді қинағаны, құжатты уақытша тіркеуге қоюдағы рәсімдеу мерзімінің ұзақтығы болды. Әрі қарай жол жүру үшін 5 күн күту керек екен. Өз еліміз әрі бәрі таныс болған соң, төлқұжатты қайтуда аламыз деген мақсатпен, сапарымызды әрі қарай жалғадық...

Менің балалық, оқушылық, жастық шағымның басым көпшілігі өткен Тамды ауданының бұрынғы орталығына келгендегі алабұртқан көңілмінің су сепкендей басылғанын айтып жеткізе алмаймын. Орталықтың 70 пайызы бұзылып, ғимараттар мен үйлердің үйінділері ғана қалған. Бұрынғы 3 қабатты әкімшілік, аурухана, мен оқыған мектеп-интернат, қонақүй, өзім қызмет еткен редакция мен баспағана, сауда орталығы, мәдениет үйі... ауданның бүкіл бұрынғы кезіндегі сәнсалтанаты болған ғимараттардың кейбірі бұзылып, аманы елсіз қалған жұрттағы моланы көзге елестететді. Суық, жат көрініс!.. Бұрын арасынан іздеген үйіңді таба алмай жүретін кейбір көшелердің дерлік бәрі жойылып, орындары жатыр шашылған тарыдай. Бұрынырақта кіреберісін әдемілеп салған базар жабылып, апта сайын жәрмеңке өтетін орынға айналыпты. «Елу жылда – ел жаңа» деп жататын ата-әжелеріміз. Бар-жоға 20 жылдағы мына көрініске куә болу, мен үшін қиын болғаны рас. Жаңа Тамдының қазіргі жүріп жатқан құрылысы мен біткен нысандарына көз тоярлықтай екен. Әзірше ол жақтың еш жерінде жоқ жаңа аурухана ғимаратына көңілің көншіп, көз тояды. Әкім мен орынбасарынан өзге көптеген лауазымды қызметтерді өзбек ұлтының өкілдері иеленген. Мекеме маңдайшасы мен көшелердегі жазулар, плакаттар мен баннерлердің барлығы тек қана латын қарпіндегі өзбек тілінде жазылған. Қала, елдімекен атаулары да солай. Кейбір туысқандарымыз бен таныстарымыздың өздері өзбекше араластырып сөйлейтін әдетке көшкен сыңайлы. Жеке қазақ мектебі аралас мектепке айналған. Қазақстаннан ешқандай газет-журнал жаздырып ала-алмайды. Халықтың «Отау» телеқондырғысы арқылы Қазақстан телебағдарламаларын тамашалап отырғанына шүкірлік еттік. Оны да бұдан біраз бұрын үзіп тастап, елдің наразылығына ұшыраған соң, қайта қосыпты. Яғни, онда өзге ұлт өкілдерін ішінара өзбек-тен--діру саясаты жүріп жатыр деген сөз. Оларда Президенттің айтқаны заң және ол бұлжытпай орындалуға тиіс. Тіл мәселесі туралы сөз жоқ, шешіліп қойған. Барлық телеарналар тек қана өзбек тілінде сайрап тұр. Кеңсе түгіл, дүкен мен базарда да өзбекше сұрамасаң, жауап болмайды...

Біздің діттеген жеріміз – Керізбұлақ ауылына жеткенше, Жаңашаруа ауылыннан өтесің. Бұл жерде де көшіп кетіп жатқан елдің қарасын көрсеткендей, бұзылған үйлердің орындары қараңдайды. Қаңқайып тұрған қабырғалар – сиыр мен қой-ешкінің көлеңкелейтін жатағына айналған.

Керізбұлаққа түске таяу жеттік. Бұнда да сондай көрініс, бұрынғы ине өтпейтін ауылдың арасы тоқсаннан асқан кәрі шалдың тісіндей ақсиып-ақсиып жатыр. Ауыл кеңсесінің маңында қараңдаған кісі көрінбейді. Мектеп қасында баяғы құмырсқадай қыбырлаған, шулаған бала жоқ. Әр сыныпта 4-5 баладан бар екенін кейінірек білдік. Ауыл ақсақалдары мен жақын-жуыққа құдайы тамақ берген Сақы атамның үйінде ел азаматтарымен сұқбаттасудың реті келді. Кеңсе, мектеп, ауруханадан өзге жерде жұмыс жоқ. Бұрын 5-6 ферманың басын құрап, 25-30 мыңға дейін қой санын жеткізген шаруашылықтарда қазір 1 ферма қалған, онда 2-3, ең көбінде 10-13 мыңнан ғана қой қалған. Ел-жұрт қораларындағы ірілі-уақты малдарының желіні мен етінен ғана күн көруге көшкен. Балалары өсіп, жетілген

отбасылар соларды Қазақстанға жіберіп, жұмыс істетуде. Солардан келетін қаражатқа телміріп отыратын отбасылар да бар. Әр ауылда оншақты жағдайы төмен қожалықтар барын, оларға мемлекет тарапынан берілетін жәрдемақының жетіспейтіндігін білдік. Ауыл-үй болып берген садақа секілді көмекпен күнелтіп отырған өлместің күні жағдайлары бар көрінеді. Зейнетақы мен жәрдемақы алатындардың ақшаларының жартысынан көбі несиелік картамен төленеді екен. Онымен дүкеннен (онда тек норма ұн мен сұйық май ғана) және базардан сауда жасайсың. Бір қызығы, қолма-қол саудаға қарағанда, несие картасымен тауар алу әлдеқайда қымбат. Қаласаң да, қаламасаң да – осы. Онымен дауласа алмайсың. Өзбекстандағы байланыс жүйесі өздері үшін өте арзан және қолайлы. Бүгінде олар алыс қоныстағы шопандарымен де телефон арқылы сөйлесіп отыратын жағдайға жетіпті. Көлік қызметінің жолақысы да бізден әлдеқайда арзан. Азық-түлік пен халық тұтынатын тауарлар бізден қымбат және сапасы нашар екенін аңғардық. Ондағы мектептердің дерлік барлығы 9 жылдық білім беру әдісіне көшіпті. Одан соң тек қана колледждерде оқуға міндеттісің. Бұны орындамаған ата-аналарға шара қолданады.

«Елге ел келсе – дәулет, елден ел кетсе – бейнет», дейтін халық даналығы бекер айтылмаған ғой. Ауылдардың бәрінде де қазір-ақ көшіп кеткісі келетіндер көп-ақ. Бірінің жағдайы болмаса,

(соңы 2 бет.)

Құлдық. Зорлық-зомбылық. Төнген қатер!

АДАМ САУДАСЫНЫҢ ҚҰРБАНЫ БОЛУДАН САҚТАНАЙЫҚ!

Адам саудасы (адам траффигі) – бұл аңыз әңгіме емес. Жыныстық эксплуатация, мәжбүрлі еңбек, қарыздық құлдық, балалар еңбегін пайдалану, «үй жағдайындағы» құлдық, қайыршылық, қару-жарақ құрылымдарында адамдарды күштеп пайдалану, органдары мен тіндерін трансплантациялау үшін адам сату – осының барлығы бір қылмыстың жантүршігерлік формалары. Адам саудасының барлық түріне құрбандарды бас бостандығынан заңсыз айыру, зорлық-зомбылық пен қорқыту тән.

Адамдар құлдыққа әртүрлі жолмен түседі. Көп жағдайда жастарды «айлығы жақсы, тұруға барлық жағдай жасалған, некеге тұруға немесе жоғары білім алуға мүмкіндігің бар» деген ұсыныстармен еліктіреді. Әдетте, мұндай қауіпке 18 жасқа дейінгі балалар мен жасөспірімдер, 18-25 жас аралығындағы жастар, 30 жасқа дейінгі жас әйелдер ұрынады.

Таныстарыңыз немесе шетелдік ұйымдар сізге шетелде жұмыс ұсынысын жасады ма? Олай болса, құл сатушылардың «желісіне» түсіп кетпес үшін мына кеңестерге құлақ түріңіз:

1.Шетелде қызмет етуді ұсынатын агенттіктің ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі беретін лицензия барын, оның заңды жұмыс істеп жатқанын біліңіз.

2.Шетелге шықпай тұрып, жұмысқа орналасу туралы келісім-шартқа қол қойыңыз. Сізге қол қоюға берген келісім-шартты мұқият оқып шығыңыз, оның бір данасы өзіңізде қалуы керек. Сізге ұсынып жатқан қызметтің бір данасы өзіңізде қалуы керек. Сізді шетелге жіберіп жатқан фирмаға еш қатысы жоқ заңгермен кеңесіңіз. Келісім-шартта жұмыстың жағдайы, тұратын жер, жалақы және медициналық сақтандыру туралы айтылуы тиіс.

3.Жұмыс істеушінің визасын алыңыз, туристік виза сізге жұмыс істеуге ешқандай құқық бермейді. Барамын деп шешкен елдің Елшілігіне барып, дәл сол жұмыс түріне жұмысқа орналасу мүмкіндігі туралы біліңіз.

4.Медициналық сақтандыруды рәсімдеңіз.

5.Барлық құжаттарыңыздың, визаңыздың, төлқұжатыңыздың жоқ дегенде екі көшірмесін жасатып алыңыз, оның біреуін өзіңізбен алып жүріңіз, ал екіншісін туыстарыңызға қалдырыңыз. Бұл — құжаттарыңызды тартып алса немесе жоғалтып алсаңыз керек болады.

6.Өз туыстарыңызға қайда, кіммен бара жатқаныңызды тұратын жеріңіздің мекен-жайы мен телефонын қалдырыңыз. Өзіңіздің туыстарыңызбен «егер белгілі бір уақыт аралығында хабарласпасам, онда басыма қауіп төніп тұрғанын білдіреді» деп келісіп алыңыз.

7.Шетелге шықпас бұрын алдын-ала, сол елде сізге көмектесе алатын ұйымдардың мекен-жайлары мен телефон нөмірлерін жаттап алыңыз. Бұл Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілеттіліктері, үкіметтік емес ұйымдар, сонымен қатар жұмысқа орналасқан елдегі көші-қон бойынша халықаралық ұйымдар болуы мүмкін.

8.Баратын елдің тілін үйреніңіз, сіздің мамандығыңыз бен біліктілігіңіздің таңдап алған қызметіңізге сәйкестігін біліп алған жөн.

9.Егер де Сіз бәрібір «құлсатушылардың» құрбанына айналып, алайда олардан қашып үлгерсеңіз, өз консулдығыңыздан немесе басқа елді мекеннен қолдау күткеніңіз дұрыс.

Есіңізде болсын! Қандай жағдай болмасын, өзіңіздің құжаттарыңызды, көші-қон қызметі немесе құқық қорғау органдары өкілдерінен басқа ешкімге бермеңіз. Өз құжатыңыз тек сізге ғана тиесілі! Сақ болыңыз, кез-келген ұсақ-түйекке көңіл бөлгеніңіз дұрыс.

Б. Малаева,
«Приозерск қаласының әкім аппараты» ММ мемлекеттік-құқықтық бөлімінің бас маманы

Атажұрт құшақ жайып қарсы алған...

ЕЛГЕ КЕЛГЕНІМІЗГЕ 20 ЖЫЛ БОЛДЫ

1995-жылдың маусым айының ақыры еді. Өтемұраттағы Ы.Алтынсарин атындағы мектепте бір жыл оқытушы болып, демалысқа шыққанмын. 2 жыл Алматыда тұрып, ауылға қайта көшіп барғасын, аңсарым Қазақстанның басқа жеріне көшуге ауып жүрген шағым еді. Сәске мезгілінде ентігіп Рахым ағам кіріп келді де: «Әй, Нұрқали (мені әлі де осылай атайды), Тұрмахан қожа Қазақстаннан жер көріп келіпті. Көшпекші екен. Сен қай жерде қалай екенін білесің ғой, қожекеңе бірге барып жолығайықшы. Өзің де көшпекші едің ғой...», – деп бастырмалата жөнелген Рахаңның сөзін ә дегенде түсінбей қалдым. Сөйтсем, Тұрмахан Махмудов бастаған 4-5 кісі Қазақстаннан жер көріп, бір қалаға көшуге тоқтам жасап келген көрінеді. Соған жолығуымыз керегін айтып отырғаны екен Рахаңның.

Екеуміз тізіліп Тұрмахан ағаның үйіне тарттық. Төкең үйінен шыққалы жатқанда ұстадық. Мән-жайды сұрастырдым. Шымкент, Тараз маңын аралаған олар, өздеріне Жезқазған облысына қарайтын Приозерск қаласын көшуге қолайлы жер көргенін айтты. Қала әкімімен жолығып, сөйлескендерін, қазір ол жаққа газлилік ағайындардың қоныс аударып, жұмыс істеп жатқанын, негізі болашағы бар, табиғаты қолайлы, Балқаш көлінің жағасындағы бұрынғы әкери қала болғанын тәптіштеп баяндап берді. «Көшем десеңдер, өздерің барып көргендерің дұрыс. Кейін маған сөз ергенін қаламаймын. Негізі қала әкімі Сағымбай Медеубаев бізді көлікпен көшіріп алатынын, қолдан келген көмекті аямайтынын айтты...», деп әңгімесін түйіндеді қожекең.

Көп ұзамай мен, Рахаң және 4 жігітпен бірге жолға шықтық. Приозерскіге келіп, қала әкіміне жолықтық. Тұрғын үйлері алқам-салқам болған, айналасы қоқысқа толған шағын қалашық қараусыз қалғандықтан, алғашқы көрген сәтте тым тұрпайы көрінгені рас. Журналистік дағдымен қаланы толық араладым және байырғы тұрғындармен сөйлестім. Осында орналасып, жұмыс істеп жүрген газлилік ағайындармен танысып, әңгімелестім. Қалалық телерадио компанияның сол кездегі директоры, маркұм Нұржан ағама жолықтым. Жылы-ұшырай қарсы алған Нұрекең түркістандық болып шықты. Менің Түркістанда туысқан-дарым барын, онда жиі болатынымды білген соң тіпті жақын тартып, осында көшіп келгенімнің дұрыс болатынына кеңес берді. Мамандығыма қарай қызметке қабылдайтынын да айтты... Рахаң да көшіп келетін болып, 2 ұлын осында қалдырды да, біз көш дайындығына кірісу үшін елге қайттық. Бұл шілде айның бел ортасы болатын..

Сол жылдың күзінде Тамды, Кенимех, Үшқұдық аудандарынан бірталай отбасы бүгінгі құтты мекенімізге келіп, қоныс теуіп едік. Зымыраған уақыттың ағымымен, 20 жылдың қалай артта қалып кеткенін байқамай да қалыппыз. Ұрпақтарымыз осында өсіп-жетілді. Балаларымыз оқып, білім алды. Мамандыққа ие болып, еліміздің өркендеуіне өз үлестерін қосып жүр. Отбасымыздағы жандарымыздың саны артып, көбейдік. Жергілікті және өзіміз секілді сырттан көшіп келеген ел-жұртпен құдажекжат болып, өрісіміз кеңейді. Жыл өткен сайын қаланың өзгеріп, өркендеп, қанат жайып келе жатқанына, жақсылықтары мен жетістіктеріне куә болып отырмыз. Осы жылдар ішінде қиындық та, жетіспеушілік те, қайғы да болды. Ақ пен қарасы, қуанышы мен қиындығы қатар жүретін өмірдің заңдылықтарын жұртпен бірге көріп те, көтеріп те келеміз. Бәріне тобы қылып, шүкіршілік етуге үйрендік...

Иә, біздің бұнда келгенімізге аттай 20 жыл болыпты.!.. Осынау айтулы датаны биылғы мерекеге толы жылда біздің де қалалық деңгейде атап өткеніміз жөн деп ойлаймын. Ат шаптырып, ас та, төк тойлаудың қажеті болмаса да, ресми түрде, мәдени-көпшілік шара ретінде атап өткен дұрыс деп санаймын. Өйткені ол күндердің де тарих беттерінде қалуға әбден құқы бар. Санасы бар адамға мұның бәрін ежіктеп айтып, санамалап түсіндіріп отырудың қажеті бола қоймас. Ел ағалары мен жергілікті басшылық, депутаттар мен зиялы қауымның осындай маңызды кезде білек сыбанғандары, ауызбірлік танытқандары қажет-ақ!.. Елбасымыздың тікелей бастамасымен жүзеге асқан сырт елдердегі отандастарымыздың тарихи Отандарына жаппай көшіп келіп, сіңісіп кетуі және мемлекетіміздің демографиялық саясатына қосып жатқан үлесі жайында қазір үлкен мінберлерде айтылып жүргені аян. Сондықтан, бұл мәселенің еліміздің саяси-экономикалық жағдайына да тигізер әсері бар екенін ескеріп, қаладағы оралмандардың 20 жылдығын елеулі түрде атап өткен орынды және оның тәрбиелік, қоғамдық мәні де болар еді. Өскелең ұрпақ тарихта қалатын әрбір жағдаятты жадында ұстап өскені абзал емес пе? Менің бұл ой-пікірімді дүйім жұрттың қуана қолдап, қуаттайтынына сенімім кәміл!..

Н. ҚЫДЫРМҰРАТҰЛЫ

СЦК информирует

О ПЕРСПЕКТИВАХ СОЦИАЛЬНОГО РАЗВИТИЯ СТРАНЫ

г.Астана

В Службе центральных коммуникаций при Президенте РК 10 июля 2015 г. состоялась пресс-конференция **заместителя Премьер-Министра РК Бердибека Сапарбаева**, посвященная вопросам социального развития страны в рамках реализации поручений Главы государства Н.А.Назарбаева.

В своем выступлении Б.Сапарбаев отметил, что главная задача, которую поставил Президент перед Правительством, - это сохранение темпов экономического роста, повышение благосостояния граждан и обеспечение занятности путем создания новых рабочих мест.

В частности, во всех регионах утверждены Комплексные планы содействия занятости населения, которыми планируется охватить более 322 тыс. человек. На сегодня уже трудоустроено более 191 тыс. человек. Заключено более 66 тыс. меморандумов по сохранению рабочих мест и заработной платы с охватом 2,2 млн. человек.

«Несмотря на мировой экономический кризис, государство выполнит все социальные обязательства в рамках реализации госпрограмм», - заверил вице-премьер.

Говоря о сфере здравоохранения, Б.Сапарбаев подчеркнул, что за период реализации госпрограммы «Саламатты Қазақстан» все основные показатели состояния здоровья населения имеют положительную динамику. Увеличилась продолжительность жизни с 68,41 лет в 2010 г. до 71,6 года в 2014 г., снижается общая, материнская и младенческая смертность, заболеваемость туберкулезом, онкологическими и сердечно-сосудистыми заболеваниями.

«Вместе с тем, по поручению Главы государства разрабатывается новая госпрограмма здравоохранения на 2016-2020 годы. Ее основными направлениями являются развитие первичной медико-санитарной помощи и кадрового потенциала здравоохранения, а также поэтапное внедрение социального медицинского страхования, которое обеспечит солидарную ответственность за охрану здоровья», - добавил заместитель Премьер-Министра.

Благодаря реализации программы «Балапан» охват детей дошкольным образованием составил 78,6%. До конца текущего года с учетом реализации проектов ГЧП дополнительно будет открыто 162 дошкольные организации, что обеспечит 81% охвата детей.

«Поручение Президента по обеспечению стопроцентного охвата детей дошкольными организациями будет выполнено до 2020 года», - подчеркнул Б.Сапарбаев.

«В текущем году планируется ввести в эксплуатацию 128 школ. До 2018 г. будут полностью решены вопросы ликвидации аварийных и трехсменных школ», - подчеркнул вице-премьер.

Кроме того, Правительством утверждена Дорожная карта дуальной системы образования, в рамках которой число колледжей увеличится с 280 до 370.

С прошлого года по программе «Серпін-2050» обучаются 2050 студентов из трудоизбыточных регионов. В текущем году количество грантов увеличится в 2,5 раза.

В науке особое внимание будет уделено созданию научно-образовательных комплексов. Например, КазНТУ объединен с холдингом «Парасат», ведущие вузы будут объединены с крупными научными центрами. Также приоритетами являются внедрение результатов научных проектов, увеличение научных публикаций в международных журналах, привлечение молодежи в науку.

По данным Б.Сапарбаева, свыше 4,3 млн. казахстанцев занимаются физкультурой и спортом, что составляет 25% населения страны.

Вместе с тем, в регионах отмечается низкая загруженность спортивных и культурных сооружений.

Кроме того, Б.Сапарбаев сообщил, что жители сел Калачи, Березовка, Бестау и поселка Красногорский будут переселены в благоприятную для проживания местность в течение 2015-2016 годов за счет средств республиканского и местного бюджетов, Карачаганак Петролиум Оперейтинг и спонсоров.

Также вице-премьер напомнил, что в соответствии с поручением Главы государства реализуется План мероприятий по подготовке и проведению 550-летия Казахского ханства, согласно которому запланировано более 100 крупных мероприятий. На региональном уровне планируется проведение более 700 мероприятий.

Пресс-служба Премьер-Министра РК

НАЦИОНАЛЬНЫЙ БАНК КАЗАХСТАНА ИНФОРМИРУЕТ

Международные резервы Казахстана увеличились на 0,5%

На конец июня 2015 года активы Национального фонда Казахстана составили 69,028 млрд долларов США. Чистые международные резервы в этом же периоде увеличились почти на 0,5% к предыдущему месяцу, составив 28,104 млрд долларов, активы в золоте составили 7,769 млрд долларов США.

Несмотря на неблагоприятный внешний фон. экономика Казахстана растет

Рост ВВП за 1 квартал 2015 года составил 2,3%. Объем инвестиций в основной капитал в январе-мае 2015 г. составил почти 2 трлн тенге (1993,2 млрд тенге), что на 3,9% больше, чем за январь-май 2014г. Годовая инфляция по итогам 2014 года составила 7,4%, в июне 2015 года – 3,9% в годовом выражении.

Доходность пенсионных активов ЕНПФ более чем в два раза превышает инфляцию

Доходность пенсионных активов ЕНПФ более чем в два раза превышает инфляцию, за 1-ое полугодие 2015 года она составила 3,04% при уровне инфляции 1,4%.

Процесс дедолларизации запущен в Казахстане

Продажи доллара в мае сократились в два раза, евро - на 20 процентов. За май казахстанцы выкупили валюты всего на 240,2 миллиарда тенге. В апреле продажи обменных пунктов по мультивалютной корзине EUR/USD/RUR составляли 502,2 миллиарда в тенговом эквиваленте.

ТУҒАН ЖЕР ТОПЫРАҒЫНДА

(соңы. басы 1 бет.)

кейбіреуі Қазақстанның көші-қон саясатының оңға басуын, аталмыш мәселеге қатысты заңнын түпкілікті бектілуін күтіп отыр. Туған жердің топырағын иіскеп, құмына аунап, ел-жұртпен амандасып, өлген-жіткенге қол жайып, бата қылып, ата-анамыз бен туған-туыстың зиратына құран оқып, елдің жай-күйін бажайылап, бақылап қайтқан сапардан соң, әрқилы ойға берілдім.

Не мақтарымды, не даттарымды білмедім!.. Сондақтан, құдайдан жасырмағанды жасырғым келмей, бар көрген-білгенімді қаз-қалпында,

ештеңе қосып-алмай, боямасыз баяндадым. Жақсысына – қуандым, жаманын көріп, суалдым. Қанша дегенмен, мені жарық дүниеге әкеліп, ғұмыр сыйлаған, азаматтық жасқа жеткенше, қызықты дәуренім өткен атамекен ғой, іздейсің, сағынасың, барасың!.. Қайда жүрсең де туған жерің мен еліңнің тілеуін тілейсің! Көшкен елдің жұртында қалғандардың жағдайы жақсарып, болашақта қатарымызға келіп қосылады деп үміттенесің!.. Лайым, біздің тілегіміз бен үмітіміздің ақталуына бір құдай жар болғай!..

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,
газеттің арнаулы тілшісі

Өмірдің қуанышты сәттері

20 ЖЫЛДЫҚ КЕЗДЕСУ

«Сағыныш деген – қоштасу және кездесу...», деп ақын жырлағандай, араға ұзақ жылдар салып кездесуідің қаншалықты әсерлі екенін сол керемет сезімді басынан өткізгендер ғана жақсы біледі. Өткен сенбінің кешінде «Винстон» дәмханасында осыдан 20 жыл бұрын Ы.Алтынсарин атындағы мектепті бітірген түлектердің кездесуі болды.

Осынау ғұмырымда бір жыл сол мектепте қазақ тілі мен әдебиетінен дәріс беріп, 11-сыныпқа жетекшілік етуді тағдыр маған несіп еткен еді. 12 қыз бен 5 балаға мектепті бітірткеніме ешқашан өкінген емеспін және ол күндердің қызықты да, қиын сәттеріне куә болғаныма әлі күнге ризамын. Біраз баланың өмірден өз орындарын табуына ықпал етсем, ұстаздық қызметімнің зая кетпегені деп білемін...

Осыдан екі ай бұрын қаладағы белгілі кәсіпкер, менің шәкіртімнің бірі Нұрлан Шадыбайұлы Омаров хабарласып, сыныптасы Азаматтың ой салуымен, 20 жылдық кездесулерін біздің қалада өткізетін болып шешкендерін, соған сынып жетекшісі ретінде менің де шақырылатынымды айтқан еді. Бұл маған да қуанышты хабар еді. Өзім бітірткен сол кездегі бозбалалар мен бойжеткендер бүгінде қырыққа таяп қалған үлкен адам болғанын көру де ғанибет қой.

Сол сәт 11-шілде күннің кешінде жеткен еді. Түлектердің әрқайсысы әр жаққа шашырап кеткендіктен, бұл кездесуге сегіз ұл-қыз, барлығы 15 бала қатысты. Батауыш сынып оқытушысы Айжамал апайлары науқасына байланысты келе алмапты. Алдының шашын ақ қырау шала бастаған, балалы-шағалы азаматтар жамырай амандасып жатқандағы көңіл толқынысымды сөзбен айтып жеткізе алу мүмкін емес!.. Бірақ, бәрінің де есімдері мен жүздерін жадымнан шығармаппын. Сонау алыста қалып кеткен шақтардың естеліктері, мектептегі қызықты оқиғалар, балалардың жағымды-жағымсыз қылықтары, ағайлары мен апайлары, сол кездері бізден жжасып қалған жәйттері... бәрі-бәрі әңгімеге өзек болды...

Олар кеңес үкіметі құлап, жаңа қоғам құрылып жатқан, аумалы-төкпелі кезеңде мектепті бітірді. Елдің әлеуметтік жағдайы мәз емес еді. Барлық нәрсе тапшы және ауылды қымбатшылық құрсауына алған заман еді. Соны ескеріп, балалардың күшімен концерт, сахыналық қойылымдар ұйымдастыруға әрекеттендім. Оны директор мен оқу бөлімінің меңгерушісі Жәнібек Қожановқа айтып, жинаған ақшаларын төлқұжат алуларына және естелік альбом шығаруына жұсайтынымызды білдіргенімде, олар мені қуана қостады. Нарық заманының талабына орай біздің бастаған алғашқы қадамымыз болатын бұл. Әрекетіміз зая кетпеді. Келер көктемге дейін 5 концерттік бағдарлама қойып, олардың мектеп бітірулерінің шығындарына толық жеткіздік... Біздің бұл бастамамыз мектеп тарихында қалды. Осындай өткен шақтарды еске түсіре отырып, оларға арнаған тілек-батамды оқыдым, олардың қазіргі қызметтерін, тірліктерін, өмір сүру жағдайларын сұрастырдым.Ең қуаныштысы, олардың арасынан шығын болмаған және қандай да бір кесапатты, қайғылы жағдайға ұшырамапты. Сыныптастарының қайда, немен айналысып жүргендерінен хабардар екендігі де қуантып тастады. Шәкірттерімнің шын көңілден сыйлаған гүл шоғы мен естелік сыйлықтары да ерекше құрметтерінің белгісі еді.

Кешегі шәкірттерім, бүгінгі үлкен азаматтармен кездесуімізде ән де, би де, жарасымды сұхбат та болды. Қазіргі кезде дәстүрге айнала бастаған осындай кездесулердің болып тұруы қажеттігіне тағы да көзім жетті. Өзіңнен тәлім-тәрбие алған балалардың бүгінгі тағдырынан дерек алудың, өзің еккен жемістің қандай өсіп жетілгенін көріп, еткен еңбегіңнің нәтижесіне көз жеткізудің бір себепшісі және соған шынайы қуанудың бір көрінісі екен ғой. Сағынышты кездесулер мен қуанышты күндерге жеткізе берсін, Жаратқан иеміз!..

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ

Спорт! Спорт! Спорт!

ТЕННИСТЕН ГАЗЕТ ЖҮЛДЕСІ

Өткен сенбі күні қалалық өнер және спорт мектебі ғимаратың спорт залында қалалық «Приозерский вестник» газетінің жүлдесі үшін қала тұрғындарының, мекеме, ұжымдар қызметкерлерінің және Ресей Федерациясына қарасты әскери бөлімдер өкілдерінің қатысуымен үлкен жарыс ұйымдастырылды. Бұл сайыс еліміз бойынша биылғы жылы өткелі отырған мерейлі мерекелер мен баспасөз және телерадио қызметкерлері мерекесіне арналып өткерілді. Теннис жарысына жастармен бірге зейнет жасындағы кісілердің белсене қатынасуы көңіл қуантады.

Әр топқа бес адамның басын құраған командада жалпы отыз спортшы теннис үстелінің үстінде бақтарын сынасты. Сайыс барынша тартысты және қызықты өтті. Осынау отыз адамнан жүзден – жүйрік, мыңнан – тұлпар болып іріктеліп қалған

алты спортшы ең соңында жүлделі орындар үшін белдесті. Приозерск қаласы 47 өрт сөндіру бөлімінің абыройын қорғаған капитан Азамат Абиьдинов қарсыластарын

шақ келтірмей, бірінші орынды талассыз жеңіп алды. Екінші орын Приозерск қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің заңгері Валерий Крупскийдің еншісінде кетті. Жүлделі үшінші орын ҚР ҚК 06708 әскери бөлімінің әскери қызметшісі Сәтжан Әбіловке бұйырды.

Осы жарысты ұйымдастырып, ұйымшылдықпен өткізуге мұрындық болған азамат Әбіл Дүйсенбаевке Приозерск қаласы білім беру, дене шынықтыру және спорт бөлімінің бас маманы Бауыржан Дулатов арнайы сыйлық табыс етті. Теннис жарысында топ жарып, жеңіске жеткен спортшыларға «Приозерский вестник» газетінің арнайы жүлделерін газеттің бас редакторы Бегазы Кежебеков тапсырып, қатысушылар мен жеңімпаздарға салауатты өмір салтын насихаттау жолындағы осындай спорттық шараға белсене қатысқаны үшін алғыс сезімін білдіріп, алдағы сайыстарда да жеңіс тіледі.

–Мен бұл жарысқа тыңғылықты дайындала алмағаныммен, намысты қолдан бермеу үшін шамам келгенше тырысып бақтым. Осындай спорттық шаралар көбірек өткізіліп тұрса, мекемелерде теннис үстелдері орнатылса деген ұсынысым бар. Себебі бұл спорт түрі адамның барлық дене мүшесі мен ағзаларын қозғалысқа салып, ширықтыратын, денсаулыққа өте пайдалы спорт, – деді бізбен сұхбаттасқанда жеңімпаз атанған Азамат Абильдинов. Сөз соңында газеттің жүлдесі үшін теннистен ұйымдастырылатын жарыс алдағы күз айында өтетінін оқырмандарға құлаққағыс етуді жөн деп санаймыз.

Н.АЛТЫНБАЙҰЛЫ

Фитотерапия

ПРИРОДНЫЕ ВИТАМИНЫ

Витамин U эффективное средство для лечения язвы желудка и двенадцатиперстной кишки.

В прочем целебные качества витамина «U» куда шире.Его с успехом применяют при лечении хронического и острого язвенных колитов, излечивают некоторые болезни печени и желчного пузыря.

Медициной установлено, отсутствие или просто недостаток витамина «U» в нашем организме, может привести к образованию явы. Этот витамин обнаружен в некоторых свежих овощах.

Причем в одних его очень мало, а в других значительно больше. В достаточном количестве содержится витамин U в обычной белокочанной капусте, а вернее, в капустном соке, полученном путем отжимания сочных кочанов.

Каждый может без особых усилий получить свежий сок в домашних условиях. Для этого надо свежий кочан капусты нарезать ломтями и пропустить два-три раза через мясорубку.

Несколько проще и легче можно получить сок следующим образом: капусту натереть на терке. Вытекающую жидкость слить в сосуд, а капустную кашицу отжать через ткань или машинку. Следует учесть, что сок, полученный из таких выжимок, значительно богаче витамином «U «, чем свободно вытекающий. Отжимать нужно как можно сильнее.

Из килограмма капусты можно получить 2-3 стакана сока. Чтобы сок был всегда свежим, его надо готовить не больше чем на один-два дня. Хранить надо на холоде. Сон следует принимать за час до еды 3-4 раза в день. В сутки можно выпивать от 2 до 5 стаканов.

Весь курс лечения составляет 3-4 недели. В целях предупреждения рецидивов (возвращения болезни) курс лечения можно повторять через каждые 3-6 месяцев. При таком систематическом лечении язвенной болезни боли, как правило, прекращаются очень быстро, иногда даже на 4-5 день.

по материалам интернет-ресурсов РК

К СВЕДЕНИЮ НАСЕЛЕНИЯ

ЭМФИЗЕМАТОЗНЫЙ КАРБУНКУЛ

Эмфизематозный карбункул — (gangraena emphysematosa) — острая неконтагиозная инфекционная болезнь, характеризующаяся газовым крепитирующим отеком, хромотой и быстрой гибелью животных.

Этиология. Возбудитель — Cf. chauvoei. Это прямые или слегка изогнутые с закругленными концами палочки размером 0,6-1,0 х 2-8 мкм. Возбудитель эмкара — строгий анаэроб, растет в условиях вакуума не менее чем в 8-15 мм ртутного столба.

В организме животных и на жидких питательных средах микроб образует гемолизин и агрессины. Гемолизин лизирует эритроциты барана и крупного рогатого скота, но не действует на эритроциты лошади и кролика. Агрессины блокируют защитные факторы организма.

Эпизоотологические данные. В естественных условиях преимущественно заболевают молодые овцы. Старшие животные более резистентны за счет иммунизирующей субинфекции, а подсосный молодняк — благодаря колостральному иммунитету.

Болезнь поражает овец тонкошерстных, грубошерстных, а также мясошерстных пород. По нашим наблюдениям, более восприимчивы к эмкару мериносы, местные породы устойчивы к возбудителю; упитанные животные более чувствительны, чем истощенные.

К экспериментальному заражению чувствительны морские свинки, которые погибают через 16-48 часов с момента заражения. Источником возбудителя инфекции является больное животное, а факторами передачи — контаминированные спорами клостридии почва, корма, пастбища, вода заболоченных мест и стоячих водоемов.

Основным фактором распространения возбудителя болезни служат несвоевременно или небрежно убранные трупы животных, павших от эмфизематозного карбункула. Заражение происходит алиментарным путем: через повреждения внешних покровов, через раны во время трудных родов,

Болезнь возникает чаще спорадически в летне-осенние месяцы, обычно в жаркое, сухое лето.

Вспышки болезни бывают при выпасе овец около рек, особенно после их разлива. Зарегистрировано заболевание эмкаром овец в хозяйствах, неблагополучных по эмкару крупного рогатого скота.

Течение и симптомы. Инкубационный период длится от 6 до 24 ч, иногда до 3 дней. Болезнь начинается с развития местных патологических изменений как раневая инфекция. В местах поражения образуется болезненная припухлость с четкой границей. Отек вначале плотный и горячий, потом нечувствительный, тестоватый на ощупь. При надавливании слышится звук крепитации (однако это не постоянный признак). При перкуссии отека слышен ясный тимпанический звук. Кожа на поверхности отека становится сухой, теряет эластичность и приобретает темно-красный, а затем черный цвет. При разрезе припухлости из раны вытекает пенистая жидкость с запахом прогорклого масла.

Животное отказывается от корма, появляется хромота, походка напряженная, отмечается слабость. Температура тела повышается до 41 °С, но с ухудшением состояния она снижается ниже нормы и остается до смерти на этом уровне. Пульс ускоренный, слабого наполнения, дыхание учащенное.

Патологический процесс иногда локализуется в глотке, языке. Отеки чаще появляются в области наружных половых органов, на конечностях. При поражении половых органов самок из влагалища выделяются жидкие или густые кровянисто-гнойные ихорозные истечения.

Нередко болезнь проявляется в септической форме без возникновения опухолей, протекает остро или сверхостро. У некоторых животных эмкар может проявиться в атипичной форме.

При остром течении сначала животное теряет аппетит, становится вялым, появляются лихорадка, связанность походки и хромота. Животное отстает от стада. Дыхание учащается, из ротовой полости выделяется пенистая слюна. Животное скрежещет зубами, живот у него вздут. На бесшерстных участках кожа иногда приобретает сине-красный цвет, отмечается выпотевание кровянисто-серозной жидкости (кровяной пот), слущивается эпидермис. Болезнь протекает очень бурно, длится несколько часов (6-24), заканчиваясь гибелью животного; в очень редких случаях она затягивается до 2-3 дней.

Диагноз на эмкар ставят на основе эпизоотологических данных, клинических признаков, патологоанатомических изменений и результатов лабораторных исследований. Патологический материал для бактериологических исследований следует брать сразу же после смерти животного. В лабораторию посылают кусочки пораженных мышц, кожи, отечную жидкость, селезенку, печень, кровь.

Патматериал перед исследованием целесообразно высушить, чтобы уничтожить анаэробную микрофлору; его разделяют на мелкие кусочки и высушивают в термостате в стерильных чашках.

Из кусочков мышц готовят мазки, которые окрашивают по Граму и Муромцеву. Клостридии в мазках образуют длинные нити. Однако микроб очень полиморфный, а поэтому этот признак используют осторожно. Часто в мазках наблюдают одиночное или попарное расположение грамположительных толстых с закругленными краями палочек.

Дифференциальный диагноз. Необходимо исключить злокачественный отек, сибирскую язву. Злокачественный отек можно исключить только лабораторным исследованием.

Лечение больных животных не всегда эффективно. В качестве средств общей терапии применяют антибиотики, но они оказывают эффект лишь в инкубационный период и первые часы видимого проявления болезни. Хлортетрациклин вводят внутримышечно в дозе 3-5 мг на 1 кг массы животного один раз в день в течение 3-5сут. Можно однократно инъецировать внутримышечно пролонгированный дибиомицин на 40%-ном растворе глицерина; доза – 40 000ЕД на 1кг массы животного. Ампициллин вводят в 0,5 %-ном растворе новокаина в дозе 5000-8000 ЕД на 1 кг массы животного. Бициллин-5 инъецируют внутримышечно с интервалом 10—15 дней в дозе 15000-20 000 ЕД на 1 кг массы животного.

Больным животным необходимо тоже применять сердечные препараты (камфорное масло, кофеин).

Иммунитет. Овцы естественного иммунитета к эмфизематозному карбункулу не имеют, но с возрастом восприимчивость их к возбудителю данной болезни снижается.

В случае переболевания животные приобретают длительный антитоксический и антимикробный активный иммунитет.

Для прививок против эмфизематозного карбункула Ф. И. Каган и А. И. Колесова предложили гидроокись-алюминиевую формолвакцину. С профилактической целью вакцину применяют в хозяйствах, неблагополучных по эмфизематозному карбункулу крупного рогатого скота и овец.

В хозяйствах, где были случаи заболевания среди овец, прививают всех овец старше 6-месячного возраста однократно в дозе 2 мл. За привитыми животными необходимо наблюдать в течение 14 дней. Выраженной местной и общей реакции у овец не должно быть. Иммунитет у животных наступает через две недели после вакцинации и сохраняется не менее шести месяцев.

Профилактика. К пунктам, стационарно неблагополучным по эмфизематозному карбункулу, относят хозяйства, где эта болезнь появляется среди животных ежегодно или периодически. В таких пунктах необходимо проводить осушение болот, пастбищ, сенокосов, систематически очищать и дезинфицировать кошары, следить за санитарным состоянием скотомогильников. Овец прививают в соответствии с наставлениями по применению вакцины против эмфизематозного карбункула ежегодно весной до выгона животных на пастбище.

Меры борьбы. При появлении болезни хозяйство объявляют неблагополучным и накладывают карантин. Выявляют источник или фактор передачи возбудителя инфекции. Животных переводят на другой участок пастбища и запрещают водопой из неблагополучного водоема. Больных и подозрительных по заболеванию животных изолируют и лечат. Вынужденный убой больных животных на мясо и использование молока от них в пищу запрещают.

Трупы вместе с кожей сжигают. Места нахождения больных животных дезинфицируют.

Хозяйство объявляют благополучным и карантин снимают через 14 дней после выздоровления или падежа последнего больного животного и проведения заключительной дезинфекции.

С. Рымбекова,
гл.специалист отдела ветеринарии г.Приозерск

ХАБАРЛАНДЫРУ *** ОБЪЯВЛЕНИЯ

15.07.2015 года в войсковой части 03080 МО РФ состоялись торги по прибретению товара - "Оказание услуг в области ЭКОЛОГИИ".

Победителями торгов определены ТОО "ЭКОМ" и АО "СК"Сентрас Иншуранс".

За информацией обращаться по тел. 8(71039)52654.

Командование в/ч 03080 МО РФ

ПАРИКМАХЕРСКАЯ «МИЛОЛИКА»

Предлагает услуги по мужской и женской стрижкам, укладке, по маникюру, наращиванию ногтей и педикюру.

Ждем Вас по адресу:
ул. Космонавтов, 5-107,
телефон: 5-50-81
Время работы:
с 10.00 час. до 19.00час.
Выходной - Понедельник

На маникюр и педикюр запись по телефону: 8-771-699-32-89

ХАБАРЛАНДЫРУ *** ОБЪЯВЛЕНИЯ

АВТОМОБИЛИ, АВТОЗАПЧАСТИ

Продам

Mitsubishi Space Runner, 1992 г.в., Объем 1,8. Коробка механика. Есть запасная коробка. За 5,500 у.е. Торг уместен.
Обращаться по телефону: 87054617098, 87788541589, 87051795301
***
Mitsubishi Space Wagon, 1997 г.в., светло-зеленый. Объем 2,0. Коробка механика, электропакет, 2SRS , круиз-контроль, кондиционер, 7 мест, ТО, налог.
Обращаться по телефону: 8707 204 02 60
***
блокофара левая, б/у на Мазда- 626 (переходка). Телефон: 8707 204 02 60

НЕДВИЖИМОСТЬ

Продам

Приватизированную 2-комн. квартиру, с телефоном. Красивый вид на озеро с лоджии. Адрес: ул.Абая 17/3, 5 этаж, не угловая.
Тел.8-701-481-44-11, 8-777-915-19-11
***
3-х комнатная квартира по адресу Б.Момышулы (Пирогова) д.3, кв.60. 6 этаж.
Имеется 2 балкона, все окна пластиковые, квартира в хорошем состоянии, лифт работает. Цена договорная. Тел:**8-701-481-47-98,8-747-950-51-80, дом тел:5-52-40**
Рассмотрим варианты!
***
2-х комнатная квартира по адресу Б.Момышулы (Пирогова) д. 5, кв. 51. Первый этаж, имеется балкон. Квартира в хорошем состоянии. Цена договорная. Обращаться по **тел. 8702-786-58-82, 8778-853-87-97.**
***
3-комн. квартира. Или меняю на 2-комнатную с доплатой.
Тел. 87755749131 дом.5-33-64
***
Приватизированная 2-комн. квартира, сделан кап.ремонт, без долгов, по ул. Агыбай батыра -4, кв.15
тел.8-777-485-62-51
***
Магазин по ул.БСА 30-1. Два торг. зала: 20 кв.м и 10 кв.м. Складское помещение 13 кв.м. Сан.узел, холодная и горячая вода, счетчики. Отопление центральное. Цена 25 000 у.е. Телефоны: 87054617098, 87788541589

УСЛУГИ

Натяжные потолки, быстро и качественно. Тел. 87026988613, Мади

К СВЕДЕНИЮ АВТОМОБИЛИСТОВ!

MPG-BOOST™ - катализатор к различным видам топлива (бензин, дизельное топливо, газ) для двигателей внутреннего сгорания, способствующий экономии топлива (от 7 до 15%) и снижению количества вредных веществ в выхлопных газах (до 70%).

MPG-BOOST™ способствует:
-уменьшению количества выбросов;
-улучшению работы двигателя;
-снижению шумов;
-улучшению смазки клапанов;
-уменьшению углерода и увеличению срока эксплуатации свечей;
-усовершенствованию увлажнения;
-снижению расхода топлива.

По вопросам приобретения об-ращаться по телефонам: **+7 (702) 604-02-60** или **+7 (707) 204-02-60 (возможно приобретение пробной дозировки).**

Собственник: ИП Бухарбаева А.А..
Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан
Свидетельство о постановке на учет СМИ **№ 15037-Г** от 26.12.2014г.
Адрес редакции: 101100 г. Приозерск, ул. Космонавтов, 5-107.
Справки по тел. +7-705-981-86-79 (Гл. редактор),
+7-702-604-02-60 (тех. редактор)
E-mail: prz_westnik@mail.ru **Веб-сайт**: www.prio-vestnik.kz
Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул. Сатпаева 15.
Заказ ***№ 28/413*** Тираж: 500 экз., объем- 1 п.л., формат - А2, 4 стр.

Главный редактор: Кенжебеков Б.А.
Технический редактор: Струментов А.В.
Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-707-204-02-60
Корреспонденция принимается на электронный адрес: prz_westnik@mail.ru

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г.Приозерске и г.Караганде, а также по подписке во всех городах и районах области.
Подписной индекс - 65041

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.